

## №1 Хаттама

Астрахан ауданы директорларының тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасарларының әдістемелік кеңесі

Астрахан ауылы

30.10.2025 жыл

**Қатысушылар:** 29 адам.

**Өткізу форматы:** онлайн форматында

**Өтетін уақыты:** сағат 15:00-ден 16:30-ге дейін

**Қатысушылар санаты:** Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Атишева Куралай Сембековна, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары.

**Өткізу нысаны:** диалог алаңы

**Модератор:** Қарасаева Гүлнұр Оралқызы, Ақмола облысы білім басқармасыны Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскері.

### Күн тәртібі:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру туралы.
2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жүргізіп жатқан жұмысы туралы.
3. ДосболLIKE буллингке қарсы бағдарламасын іске асыру туралы.
4. Әр түрлі

### Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Первомайка ауылының жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары **Дюсекеева Жанна Ермековна** және «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Лозовое ауылының жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары **Яцук Наталья Викторовна** сөз сөйледі.

Баяндамалары жүйелі, тақырып кеңінен ашылды.

Екінші сұрақ бойынша «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Камышенка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары **Адамская Галина Ивановна** сөз сөйледі.

Тақырып кеңінен ашылды. Тақырып бойынша сұрақтар қойылып, талқыға салынды.

Үшінші сұрақ бойынша «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Каменка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары **Саржанова Гульнар Толеубаевна** сөз сөйледі.

Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингтің алдын алу бойынша жүйелі жұмысын көрсете алды. Тақырып бойынша сұрақтар қойылып, талқыға салынды.

### Шешім:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының тәжірибелік құрамын нығайту.
2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын үнемі бақылауда ұстау.
3. «ДосболLIKE» бағдарламасының буллингтің алдын алуға арналған тиімді әдістерін кеңінен енгізу.
4. 2 тоқсанда «Камышенка а.ЖОББМ» КММ, «Первомайка а.ЖОББМ» КММ, 3 тоқсанда «Акимовка а.НОМ» КММ, 4 тоқсанда «Лозовое а.НОМ» КММ «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы бойынша семинарды уақытында, сапалы өткізу.
5. Тәрбие ісі бойынша ай сайынғы есеп жүйелі түрде әр айдың 1-не дейін тапсыру.
6. Тәрбие жұмысы бойынша мектеп құжаттамасы жүйелі, уақытында рәсімдеу.
7. Мектеп сайтының және әлеуметтік желілердің сапалы, жүйелі жүргізілуі директордың тәрбие ісі бойынша орынбасарларына жүктеу.

Әдістемелік кабинетінің  
меңгерушісі



Қ.Атишева

Әдіскер



Г.Қарасаева

Хатшы



Р.Абишева